

полученные результаты с моделируемыми, оценивать собственную деятельность, применять самоконтроль. Полученные результаты соответствуют требованиям к уровню компетентности медицинских сестер уровня бакалавриата, и позволяют эффективно реализовать сестринский процесс в практической деятельности, получают реальную профессиональную подготовку, проявляют способность и готовность самостоятельно ориентироваться в ситуации и квалифицированно решить стоящие перед ним задачи.

Таким образом, проблема непрерывного медицинского образования успешно решается в условиях ДО, которое позволяет эффективно решать задачи модернизации казахстанского медицинского образования, создавать комфортную образовательную среду для непрерывного совершенствования профессионализма медицинских сестер.

Список литературы

1. Хуторской А. В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования [Текст] / А. В. Хуторской // Народное образование. – 2003. – № 2. – С. 58-64.
2. Болотов, В.А. Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе [Текст] / В.А. Болотов, В.В. Сериков – Педагогика. – 2003. – № 10. – С. 8-14.
3. Развитие творческих исследовательских умений студентов (методические рекомендации на материале дисциплин естественно-научного цикла) / Сост. Г.В.Никитина, А.П.Тряпицина. – П., 1989. – 59 с.
4. Сидорова Ю.Х. Технологии дистанционного обучения в системе непрерывного медицинского образования /Сидорова Ю.Х., Захарова Н.Б. // Виртуальная реальность современного образования: идеи, результаты, оценки. Материалы VII Международной научно-практической интернет-конференции «Виртуальная реальность современного образования. VRME 2017» : сборник статей и тезисов ; г. Москва, 2–6 октября 2017 г. / под общ. ред. М. Е. ВайндорфСысоевой ; Московский педагогический государственный университет. Институт физики, технологии и информационных систем [Электронное издание]. – Москва : МПГУ, 2017. – с. 126-128.

ӘОЖ 37.02

«АУЫЛДЫҚ МЕКТЕПТЕРДЕ ЦИФРЛЫ ПЕДАГОГТИҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МОДЕЛІ»

Мукушева А. Н. – Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ауыл мектептерін және шағын жинақты мектептерді дамыту зертханасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты.

Мақалада ауыл мектептерінің қазіргі жағдайы, шағын жинақты мектептердегі педагог кадрлардың жетіспеушілік мәселесі және оны шешудің жолдары ұсынылады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында ұсынылған сапалы мамандармен қамтамасыз етуде, білім сапасын арттыруға бағытталған «Мобильді мұғалім», интернаттық жүйенің баламасы ретінде ұйымдастырылған «Уақытша отбасы» (Қамқор отбасы) жобасы және қала мен ауыл мектептері арасындағы білімді теңестіру мақсатында ұсынылған «Мықты мектептердің қамқорлығы» жобалары қарастырылады. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Сапалы білім беру» тарауында көрсетілген «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасы негізінде ауылдық мектептерде цифрлы педагогтің жұмысын ұйымдастыруға бағытталған «Цифрлы мұғалім» білім беру жобасы ұсынылады.

Түйін сөздер: білім беруші, білім алушы, «Цифрлы мұғалім», «Мобильді мұғалім», «Уақытша отбасы», сапалы білім, мықты мектептердің қамқорлығы.

Қазақстан Республикасының білім беру саясаты қала және ауыл мектептері арасындағы білім сапасындағы алшақтықты азайтуға бағытталған. Сондықтан қазіргі күннің басты талаптарының бірі – ауылдық жердегі білім алушылар мен қала мектептерінде білім алып жүрген оқушылардың біліміндегі алшақтықты қысқарту. 2021-2022 жылғы Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтерге сүйенсек, Республика бойынша жалпы білім беретін ауылдық мектептер саны – 5261-ді құрайды. Бұл дегеніміз, республика бойынша 70 %-дан аса мектеп ауылдық жерде орналасқанын көрсетеді. Берілген ауыл мектептерінің 2754-і шағын жинақты мектептер (ШЖМ).

Шағын жинақты мектептердің ерекшелігіне тоқталар болсақ, Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын

бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығының 3-қосымшасындағы «Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларында»: «Шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп», – деген түсінік берілсе, ал «Магниттік мектеп – аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің бұйрығымен тірек мектебіне (ресурстық орталыққа) бекітілген шағын жинақты мектеп», – деп көрсетілген [1].

Тұрғындарының саны аз әрбір елді мекенде: бастауыш ШЖМ білім алушылардың саны 5-тен 40 адамға дейін; негізгі ШЖМ білім алушылардың саны 41-ден 80 адамға дейін; орта ШЖМ білім алушылардың саны 81-ден 180 адамға дейін болған жағдайда жұмыс істейді.

Шағын жинақты мектепте жас ерекшеліктері бойынша оқыту әдістемесін қолдану кезінде қосып оқытуға жол беріледі.

Бүгінде ауылдық мектептерде 1 506 250 (42%), ал шағын жинақты мектептерде 193 173 оқушы білім алады [2].

Шағын жинақты мектептердің ең көп шоғырланған аймақтарына: Солтүстік Қазақстан (362), Ақмола (360), Шығыс Қазақстан (337), Қостанай (316), Қарағанды (200) облыстары жатады.

Ауылдық жерлерде білім берудің өзіндік ерекшелігі бар. Қала оқушылары үшін білім алуға жеткілікті жағдай қарастырылса, өкінішке орай, ауылдық жердің білім алушылары үшін бұл жағдайдың көпшілігі қолжетімсіз. Әсіресе педагог кадрлардың жеткіліксіздігі мен білім алу үшін интернеттің жоқтығы немесе желісінің төмендігі білім алуға өзіндік кері әсерін тигізеді сөзсіз.

Оқу сабақтарын ұйымдастырудың нақты нысаны бар шағын жинақталған мектептер Ресей, Украина, Польша, Финляндия, АҚШ, Канада, Австралия және т.б. сияқты аумағы үлкен және тұрғындары біркелкі орналаспаған елдерде кеңінен таралған.

Ауыл мектептері оқушыларының сапалы білім беру қызметтеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған «Тірек мектеп – ресурстық орталық», «Мобильді мұғалім» жобаларын іске асырудың отандық практикасы Финляндия, Ресей, Канада, Австралия және Оңтүстік Корея тәжірибесін зерделегеннен кейін әзірленді [3].

Оңтүстік Кореяда Үкімет шағын мектептерге көбірек ресурстар бөлінеді. Мемлекет сапалы білімге қол жеткізу және позитивті әлеуметтендіру мәселелерінде ауыл мектептерінің балаларына қолдан келгенше көмек көрсетеді, бұл әлемдегі Оңтүстік Кореяның білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігінің негізіне айналды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ауыл мектебінде кадр мәселесін шешуге байланысты «Мобильді мұғалім» жобасы ұсынылған.

Оңтүстік Кореяның ауылдық мектептерінде сапалы білім алуға қол жеткізудің тиімді нысандарының бірі «кезбе» (мобильді) педагог моделі. Бүгінде интернет желісі мен мүмкіндіктерін пайдаланып «кезбе» (мобильді) педагог қызмет атқарады.

Шағын жинақты мектептерді сапалы оқыту мен әлеуметтендіруге қол жеткізудің ең тиімді моделі «Мобильді мұғалім» жобасы, оны іске асыру қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді.

«Мобильді мұғалім» жобасы негізгі мәселелерді шешуге, білім беру жүйесін дамытуға, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және ЭЫДҰ елдерінің үздік тәжірибелеріне жақындатуға бағытталған.

Қазақстанның шағын жинақты мектептерінде «Мобильді мұғалім» жобасын енгізу – бұл сапалы білім беруді іске асырудың жаңа кезеңі үшін педагогтің кәсіби өсуін арттыруда ынталандыру болып саналады. Жоба Ресейдің, әсіресе Финляндияның тәжірибесін ескере отырып, еліміздің жағдайларына бейімделген. Жобада қалалық және ауылдық балаларды оқыту сапасындағы сәйкессіздіктерді теңестіруге мүмкіндік қарастырылған. «Мобильді мұғалім» пилоттық жобасын енгізу бойынша шешім өңірлердегі шағын жинақты мектептердің проблемаларын егжей-тегжейлі зерделегеннен кейін қабылданды.

«Мобильді мұғалім» жобасы сапалы мамандармен қамтамасыз етуге, білім сапасын арттыруға және қолдауға бағытталған. Жобаның мақсаты – білім сапасын арттыруға қолдау көрсету және шағын жинақты мектептерде кадр мәселесін шешу. Жобаға қатысушы мобильді мұғалімнің білімі жоғары, еңбек өтілі 3 жылдан артық және білім алушыларының нәтижелі оқу жетістіктері болуы тиіс. Мобильді мұғалім өзінің қозғалыс бағытын құрып, білім алушылардың білім сапасын қамтамасыз етеді және сабақтан тыс қызметті ұйымдастырады.

Бұл жағдайда тірек мектеп: «Мобильді мұғалім» қызметін бақылауды жүзеге асырады. Тірек мектеп магнит мектептеріне икемді кесте құрады. Ал мобильді мұғалім қатынап сабақ өткізетін шағын жинақты мектеп пәндер бойынша бос жұмыс орнының сағаттарын анықтайды, мобильді мұғалімге икемді кестені құрады және оқу сапасын бақылауды жүзеге асырады.

Жобаның артықшылық жақтары: МЖМБС талаптары орындалады, сапалы білімге қол жеткізіледі, білікті кадрларға қажеттілік мәселесі шешіледі, білім беру сапасындағы алшақтық азаяды және мұғалімдер озық педагогикалық тәжірибемен алмасады және таратылады.

Жоба бойынша туындайтын мәселелер: жобаның нормативтік-құқықтық сүйемелдеуінің болмауы және ШЖМ мобильді мұғалімнің жалақысын көтеруге қосымша қаржыландыру қарастырылмағаны.

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, шалғайдағы ауылдық елді мекендердегі балаларға толық жинақталған мектептерде оқуға және бұл ретте интернатта емес, отбасында тұруға мүмкіндік беретін «Уақытша отбасы» пилоттық жобасы АҚШ, Австралия және Канаданың білім беру практикасында іске асырылған.

Қазақстандағы «Уақытша (қамқор) отбасы» жобасы Солтүстік Қазақстан облысында пилоттық жоба ретінде жұмысын жүргізіп жатыр. Жалпы «Уақытша отбасы» деген ұғым дұрыс қолданылмаған ұғым. Отбасын «уақытша» деп қарауға болмайды. Сондықтан жобаны «Қамқор отбасы» деп атауын өзгерткен дұрыс.

«Қамқор отбасы» жобасының мақсаты – балаларға қажетті отбасы жайлылығын жасау, отбасылық тәрбие құндылықтарын сақтау және МЖМБС-ны орындау, сапалы білімге қол жеткізу.

Қамқоршы отбасы: баланының тәрбиесі мен тұрмыс жағдайын қамтамасыз етуге; күн режимін, оқуға қажетті жағдайларды ұйымдастыруға; баланың өмірі мен денсаулығы үшін жауапты болуға; баланың өз отбасына уақтылы баруын қамтамасыз ету мен бала өміріне немесе денсаулығына қатер төнген жағдайда оны емханаға, ішкі істер органдарына орналастыруға және хабар беруге міндетті.

Жоба негізінде ата-ананың немесе заңды өкілдерінің міндеттері мен жауапкершілігі қатаң регламенттелуі тиіс.

Баланы қамқоршы отбасына орналастыру туралы үш жақты келісімшартпен ресімделеді. Оны: ҚР азаматтарының қамқоршы отбасы, оқушының ата-анасы, білім беру ұйымы толтырады және қамқоршы отбасының қабылдау мүмкіндігі туралы шешім шығарылады.

Қамқоршы отбасын анықтау құжаттарына: денсаулық жағдайы туралы анықтамалар; диспансерлерлік есеп туралы анықтамалар; соттылығының жоқтығы туралы анықтама; отбасының жиынтық табысы туралы анықтама; отбасы мүшелерінің жазбаша келісімі; үй тапсырмасын орындау үшін жағдайдың болуы және тексеру қорытындысы бойынша шешім жатады.

2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген соңғы жоба – «Мықты мектептердің қамқорлығы» жобасы.

Жобаның мақсаты – білім беру сапасының алшақтығын қысқарту және ауыл мектептерінің нәтижелілігін арттыру.

Жоба негізінде білім алушылардың міндеттеріне: сапалы білімге қол жеткізу және оқу мотивациясын арттыру жатса, педагогтердің міндеттеріне: кәсіби құзыреттілігін арттыру және қала және ауыл педагогтері, білім алушылары ынтымақтастықты дамыту жатады.

Жобаны іске асырудағы қамқорлықты ұйымдастыру жөніндегі шаралар жүйесіне: қала мектептерінің қамқорлығын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар; психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар; ата-аналар жұртшылығымен жұмыс жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен қолдау көрсетіледі.

Бағдарламада берілген жобалар өз деңгейінде жұмыстарын жүргізуде, дегенмен бұл мәселе білімдегі алшақтық мәселесін шешуде қауқарсыздық танытуда.


Халықаралық зерттеулерге сүйенсе, қалалық және ауылдық білім алушылардың көрсеткіштері арасында айтарлықтай айырмашылық сақталып отырдығын байқауға болады. Қазақстанның 2018 жылғы өткен PISA-ға қатысу нәтижелерін талдауында көрсетілгендей, қалалық білім алушылар өздерінің ауылдық қатарластарынан оқу сауаттылығы бойынша 37 балға, математикалық сауаттылық бойынша 22 балға, жаратылыстану сауаттылығы бойынша 31 балға алда келеді. Алайда, жекелеген аймақтарда ауыл мектептері қалалық мектептерге қарағанда жоғары нәтиже көрсеткен тұстары да айқындалған.

Бұл тренд TIMSS, PIRLS және ICILS сияқты басқа да халықаралық зерттеулердің нәтижелерінде байқалады. Математикалық сауаттылық бойынша ең жоғары және ең төмен көрсеткіштермен өңірлер арасындағы алшақтық 68 балға, жаратылыстану сауаттылығы бойынша 70 балға және оқу сауаттылығы бойынша 84 балға жеткен [3].

Оқу жетістіктерін соңғы Ұлттық сырттай бағалау нәтижелері қалалық және ауылдық мектеп оқушылары арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты көрсетті. Оқушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы оның академиялық жетістіктерін анықтайды. Әлеуметтік-экономикалық мәртебесі төмен оқушылар әлеуметтік-экономикалық мәртебесі жоғары балалардан оқу бойынша 40 балға артта қалып отыр. Зерттеу негізінде гендерлік алшақтық байқалған. Яғни, қыздар оқу сауаттылығының қалыптасуында ұлдардан 27 балл алда болған.

Халықаралық зерттеу нәтижелері мектептегі білімнің күшті және әлсіз жақтарын, еліміздегі мектептерінің білім беру практикасындағы қауіп-қатерлерді көрсетеді [4].

Зерттеу нәтижелері барысында өңірлер, аумақтар (қала-ауыл), оқыту тілі және отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бойынша үлгерімнің айтарлықтай алшақтығын анықталған.




Қала мен ауыл білім алушыларының арасындағы білімдегі алшақтықты қысқарту бағытында көптеген мұғалімдер еңбек етіп жатқаны белгілі. Бүгінде ауылдық жерлерде республика бойынша 80-ге жуық елді мекенде интернет тапшылығы туындап отыр. Тіпті 7-8 ауылдық мектепте мүлдем интернет желісі тартылмаған. Сондықтан ауыл мектептері мен шағын жинақты мектептердегі білімдегі алшақтықты қысқарту мақсатында Нұр-Сұлтан қаласындағы №66 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айман Сүгірбекованың ізденісі арқасында жасаған еңбегін ұсынуға болады.

Мұғалімнің ізденгіштігі, алдында отырға шәкіртіне сапалы білім беру жолында еңбек етуі үлкен жетістік. Мұғалім «Flip PDF Professional» бағдарламасы [5] арқылы «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» және «Абайтану» оқулықтарының электронды нұсқасын әзірлеген. Бүгінгі таңда электрондық оқулық әзірлеумен баспалар да айналасып жатқаны белгілі. Дегенмен де мектеп мұғалімнің компьютерлік технологияларды жетік меңгеріп, сапалы білім беруге ұмтылыс жасағандығы ауыл мектебінде білім алушыларға өзіндік пайдасын тигізери анық.

Мұғалім құрастырған оқулық беттері парақталып ашылып, артыңғы фоны көңілге жағымды, көзге тартымды суретпен безендірілген.



Бұндай оқулықпен қамтамасыз ету шалғайда орналасқан мектеп оқшылары үшін таптырмас құрал. Интернет желісінің болмауы – әлбетте білім алушылардың заман талабына сай білім алуына келтіретін кедергілердің бірі. Ал берілген оқулық ешқандай интернетсіз жұмыс жасайды. Болашақта барлық оқулықтарды электрондық нұсқаға ауыстыру интернеті жоқ мектептерде білім алып жатқан білім алушыларға айтарлықтай пайдасын тигізери анық.

Бағдарламаға бейне, аудио, мәтін, пішіндер, беттер, суреттер альбомдары, Flash, YouTube бейнелері және электрондық кітаптарыңызға сілтемелер сияқты медиа кірістіруге болады. Осыған орай ізденімпаз педагог «Flip PDF Professional» бағдарламасына оқулықтың мазмұнын келесідей орналастыруға талпыныс жасаған.




Білім алушы мен мұғалім қажетті әдебиетті интернеттен, не болмаса кітапханадан іздемей-ақ, осы жерден электронды, интернетсіз оқи алады. Ең бастысы компьютерге оқулықтың электронды нұсқасы орналастырылса болғаны.

Мәтінді бейнефильм арқылы тамашалату да білім алушылардың пәнді меңгеруге деген қызығушылығын туындатары анық. Шағын бейнефильмдермен қоса тақырыптың үстін басқан кезде аудиомәтіндер де сөйлеп мәтінді түсіндіре бастайды.




Flip PDF Pro-ға кітапты flash-ті алдын ала жүктеуді таңдап қана қоймай, сонымен қатар кітаптың түрліше орналасулар мен мүмкіндіктермен ұсыну үшін әртүрлі шаблондарды қолдануға болады. Сонымен қатар стильді электронды кітапқа көптеген параметрлерді қосуға да мүмкіндік қарастырылған. Көптеген дайын шаблондарды, стильдерді, суреттерді және фондарды қолдана алуға болады. Сондай-ақ, кітапқа кез келген плагинді: баннер, жаңалықтар айналымы, кескін қосқышы, музыка ойнатқышы, YouTube бейнелері және т.б. сонымен қатар, басқа да онлайн опцияларды жүктей және қолдана алуға болады.



Шебер педагог оқулықтың мәтініне аудио-бейне материалды да орынды орналастыра алған.

«Flip PDF Professional» көмегімен кітаптың беттерін өңдей алуға және парақтарды қосу, жою және қайта құру үшін бет басқару тақтасын пайдалануға болады. Парақты өңдеуде қаріптерді анықтай отырып, эффеқтілер мен әрекеттерді енгізе, беттерге мәтін қосу, параққа сызықтар, эллипстер, тіктөртбұрыштар мен белгілі бір бөлімдерді қоса алу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, сіз PDF, SWF, бет


суреттерін қосу немесе тандалған беттерді жою және тіпті бет ретін қайта құру сияқты қолданыстағы жобалардағы беттерді оңай басқара алуға болады.






Flip PDF Pro сілтемелер, суреттер, кинофильмдер, YouTube бейнелері, Vimeo, дыбыстар, басып шығару аймағы және Flash файлдары сияқты импортталған PDF беттеріне медиа қосуға мүмкіндік береді. Берілген мүмкіндіктерді пайдалана отырып педагог көрсетілге нұсқада өнімді еңбек еткен.



Бір және пакеттік түрлендіруден басқа, Flip PDF Pro сонымен қатар Windows жұмыс үстелінде қосымшаны ашпай-ақ Flash-пен электронды кітаптарды автоматты түрде құру үшін командалық жолда жұмыс режимінде жұмыс жасайды. Пәрмен жолындағы жұмыс режимі параметрлерін педагогтердің қалауынша орнатуға мүмкіндік береді.




Flip PDF Pro-дің жаңа нұсқасын пайдалана отырып педагог кіріктірілген слайд-шоу мен тест тапсырмаларын орналастырған. Бұл мүмкіндік онлайн сабақты ұйымдастыруда білім алушыларға арналған кітаптарға немесе тілдік курстарға презентациялар жасау кезінде пайдалы.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Сапалы білім беру» тарауында көрсетілген «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасы негізінде ауылдық мектептерде цифрлы педагогтің жұмысын ұйымдастыруға бағытталған «Цифрлы мұғалім» білім беру жобасын ұсынды [6].

Жалпы «Цифрлық мұғалім» қандай болуы керек? – деген мәселе көпшілікті ойландыруда.

Ауылдық мектептерде цифрлы педагогтің жұмысын ұйымдастыру моделін ойластыру барысында Ресейлік «Verimag» жобасын қарастырдық. Жоба негізінде



«Verimag» компаниясының бас директоры және негізін қалаушы Максим Абалев мобильдік құрылғыларға арналған әмбебап интерактивті платформа құрғаны үшін Өнертапқыштық саласындағы Еуразиялық сыйлыққа ие болған. Бұл планшеттерде интернет бар жерде де, жоқ жерде де қосылу мүмкіндігі бар мобильді кешен құруға мүмкіндік береді.

Жобасының мәні, әзірleme желілік инфрақұрылым болмаған кезде де (wi-fi және Интернетке кіру нүктесінсіз), сондай-ақ мобильді құрылғыларды пайдаланушылар топтарының өзара іс-қимылын ұйымдастыруға және әртүрлі іс-шараларды кез келген жағдайда планшеттер арқылы өткізуге (семинарлар, тренингтер, конференциялар, кеңестер, көрмелер немесе тұсаукесерлер және т.б.) мүмкіндік болады.

«Verimag» платформасы оқытушының IT-біліктілігіне, сондай-ақ желілік инфрақұрылымның болуына немесе болмауына қарамастан, мобильді аудиторияларды on-line/off – line жылдам орналастыру және нақты уақытта оқыту процесін басқару міндетін шешеді.

Бұл мұғалімге интерактивті тапсырмаларды, анимацияларды, бейнекадрларды басқаруға, сауалнама-дауыс беруге, жедел кері байланыс алуға, әр оқушының және бүкіл аудиторияның жұмыс нәтижелерін бірден көруге, аудиторияның қалай әрекет ететінін түсінуге, әр оқушының және бүкіл аудиторияның қызығушылығы мен қызығушылығын арттыруға кепілдік береді, нәтижесінде сабақтың «тиімділігін» арттырады. Нақты уақыт режимінде тікелей және кері байланыс ала отырып, сауалнама, тестілеу немесе дауыс беру нәтижелерін тікелей сабақта мұғалімнің немесе ассистенттің планшеттік экранына шығаруға болады.

2019 жылдың басында компания Беларусьта – Минск пен Брестте платформаны сәтті сынақтан өткен. «Апробация толығымен қашықтықта, мұғалімдермен олардың материалдарын дайындау және стандартты Беларусь оқулықтарын «Verimag» айналдыру бойынша барлық өзара іс-қимыл интернет арқылы жүзеге асырылған. Дайын жобалар Мәскеуден келген мұғалімнің планшетінен конфигуратор арқылы Брест пен Минскідегі планшеттерге орнатылған.

Екі Беларусь лицейінен басқа, планшеттердегі мобильді сынып Калининград, Санкт-Петербург, Псков, сондай-ақ Мәскеу және Мәскеу облысындағы білім беру мекемелерінде сәтті сынақтан өтеді.

«Verimag» жобасының негізінде сыртқы желілік құрылғыларға қосылмай, планшеттерде интерактивті сабақты ұйымдастыру және оның барысында мұғалім аудиторияға бірқатар тестілеу өткізу мүмкіндігі де бар. Verimag «планшеттердегі мобильді сынып» шешімі мобильді құрылғылар арасында желіні ұйымдастыруға мүмкіндік берді, тесттердің нәтижесін оқушылар мен мұғалім сол уақыттағы нәтижелерін проектор экранында көріп, талқылай алады.

Қазіргі уақытта Ресейде «Verimag» өнімдерінің аналогтері жоқ.

«Планшеттердегі мобильді сынып» технологиясы кез келген міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. «Планшеттерге өзара өзін-өзі ұйымдастыратын «биосет» құрайды, соның арқасында жабдықталмаған үй-жайларда, көрмелерде, табиғатта кез келген жерде презентациялар, сабақтар, конференциялар, жиналыстар өткізуге болады. Бұл технология білім беру үшін ғана емес, сонымен қатар әртүрлі бизнес үшін де әмбебап және қызықты.

Осы ретте Академияның Ауыл мектептерін және шағын жинақты мектептерді дамыту зертханасы «Verimag» жобасының негізін қалаушы Максим Абаляевпен ZOOM платформасы арқылы байланысқа шығып өнімімен танысты. Ауыл мектептерінің білім алушыларын сапалы біліммен қамтамасыз ету және қала мектептері мен ауыл мектептері арасындағы білімдегі алшақтықты қысқарту мақсатында байланыс орнату жоспарланды.

Жалпы «Цифрлы мұғалім» білім беру жобасын ұйымдастырудағы түйінді міндеттеріне: білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру; мультимедиялық контентті пайдалану арқылы пәндерді зерделеуге деген ынтаны арттыру және оқыту геймификациясы; сабақтарда педагогтермен жоба өнімдерін пайдалану; білім алушылардың өзіндік жұмыс және сыныптан тыс дайындығы; пән мұғалімінің функцияларын ішінара ауыстыру; жасанды интеллектті қолдану оқу материалын бейімдеп беру және т.б.

«Цифрлы мұғалім» жобасының ауқымын кеңейтіп мақсатты тобына: аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды; білім алушылар мен ауылдық мектептердегі педагогтерді; шағын жинақты мектептердің білім алушылары мен педагогтерді; білімінде олқылықтары бар білім алушыларды; мотивациясы төмен білім алушылар мен үйде оқитын білім алушыларды жатқызуға болады.

«Цифрлы мұғалім» жобасының контентіне: электрондық оқулықтардың болуы, ТВ-сабақтар және цифрлық білім беру ресурстарының, ФИДБЭК [8]; әрбір жеке білім алушының оқу жетістіктерінің кері байланысын және мониторингін қамтамасыз етуді қарастыру керек.

«Цифрлы мұғалім» жобасының нысаны орта білім беру жүйесіндегі барлық білім алушылар; провайдерлер; тьютерлер (мұғалімдер) ата-аналар; білім алушылардың өздері болмақ.

Осыған орай, «Цифрлы мұғалім» жобасының «Жол картасын» әзірлеген дұрыс. Жол картасының 2022 жылы – Тұжырымдаманы және техникалық тапсырманы әзірлеу, контентін жинақтау; 2023 жылы Бағдарламалық жасақтама жасау өнімін әзірлеу; 2024 жылы білім беретін ұйымдарда пилоттық режимде апробациясын өткізу және 2025 жылы ел ауқымында іске қосу керек.

«Цифрлы мұғалім» жобасының Бағдарламалық қамтамасыз етілуі: онлайн және офлайн жұмыс істеу; екі тілде сөйлеу (сөйлеуді тану функциясы); оқытуды дербестендіру мүмкіндігі.

«Цифрлы мұғалім» жобасының мобильді нұсқасы әзірленіп, мобильді нұсқадағы бағдарламалық өнімнің негізгі мүмкіндіктерін қолдау жүзеге асырылады.

«Цифрлы мұғалім» жобасының Verimag-планшеттердегі мобильді сынып (сыртқы кіру нүктесі мен интернет жоқ) жобасы негізінде жүзеге асырған дұрыс.

Verimag Class оқушылардың планшеттерін басқаруды және көптеген құрылғылар үшін мұғалімнің планшетіне статистиканы бірден беруді қамтамасыз етеді.

Оқушылардың планшеттеріне алдын ала жүктелген материал үлкен көлемде деректерді беруді қажет етпейді. Сабақ барысында өзара қарым-қатынастың жоғары жылдамдығы қамтамасыз етіледі.

Verimag Class-қа қосылатын оқушылар саны бойынша қағидатты шектеулер болмайды және мобильді құрылғылардың бір мезгілде WiFi-ға қосылу проблемасы шешіледі.

Сыныпты ұйымдастыру қажет болған жағдайда қауіпсіз аралас желіде ғана емес, өздігінен де жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Verimag Class бір уақытта бүкіл сыныпты басқаруға да, жеке білім алушыларға да тапсырмалар беруге, білім алушыларды нақты уақыт режимінде тексеруге және үлгерім кестесін бірден алуға, сауалнамалар жүргізуге және емтихандар қабылдауға мүмкіндік береді. Сабақтарды 30 немесе одан да көп планшеттермен жабдықтауға және қосымша жабдықтарсыз, соның ішінде табиғатта, экскурсияда, жазғы лагерьде жұмыс істеуге болады.

Материалдарды жергілікті WiFi желісі, интернет, электрондық пошта арқылы жүктеуге болады.

Сондай-ақ, біз білім алушылардың барлық құрылғыларына мазмұнды бір уақытта жүктеу әдісін жасауға болады.

Қорыта келгенде, ауыл мектебі мен қала мектебі білім алушыларының арасындағы білімдегі алшақтықты қысқарту күн тәртібіндегі өзекті тұрған мәселе болғандықтан, оның шешу жолдарын ұсыну біздің міндетіміз. Бүгінгі күнге дейін ауыл мектептеріндегі кадр тапшылығының мәселесі мен Интернетке қолжетімділік мәселесі өз шешімін таппай келе жатқандығы белгілі. Сондықтан, 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында ұсынылған «Мобильді мұғалім», «Уақытша отбасы» (Қамқор отбасы) және «Мықты мектептердің қамқорлығы» жобаларымен бірге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Сапалы білім беру» тарауында көрсетілген «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасы негізінде ауылдық мектептерде цифрлы педагогтің жұмысын ұйымдастыруға бағытталған «Цифрлы мұғалім» білім беру жобасын «Планшеттердегі мобильді сынып» технологиясы негізінде әзірлеген дұрыс деп санаймын.

Әдебиеттер тізімі

1. Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығы.
2. НОБД, <https://nobd-analytics.iac.kz/login.php>
3. Қала және ауыл мектептері арасындағы алшақтықты қысқарту бойынша тұжырымдамалық тәсілдер, Ы.А.Лтынсарин атындағы ҰБА, 2021 ж.
4. Разница в знаниях городских и сельских учащихся: данные исследований и факторы влияния Аналитическая записка, №002 | 30.06.2021.
5. «Flip PDF Professional» <https://ru.flipbuilder.com/flip-pdf-pro/index.html>
6. Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы 1-қыркүйек, 2021 ж.
7. Verimag. <https://navigator.sk.ru/orn/1121376>
8. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/hayp-fidbek-fandom-jana-sozder-engen-sozdk-kashan-shyigadyi-369154/

УДК 37.026

УЧЕБНИК-СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ

Нурпеисов Т.Ж. – учитель английского языка, КГУ «Краснооктябрьская общеобразовательная школа, отдела образования Камыстинского района», Камыстинский район, село Аркалык.

В статье говорится об учебнике как самом доступном способе развития креативного мышления. Учебник является связующим звеном между обучающимся и развитием у него креативного мышления.

Ключевые слова: учебник, креативное мышление, методика.

Современная система образования не стоит на месте, каждый год вносятся новые поправки, методы и методики обучения. Но как бы не менялась система образования, неизменным остается одно-использование учебников, будь они электронного либо бумажного формата. Конечно же, система образования идет в ногу со временем и не отстает от прогресса, сейчас уже все привыкли к электронному дневнику и журналу, думаю не за горами, тот момент, когда во всех школах Казахстана ученики будут работать только с электронными учебниками. Какой бы не был учебник, электронный или бумажный, он содержит достаточно богатую информацию для своего читателя. Один из самых важных плюсов учебника-развитие креативного мышления у читателя. Все знают, что креативное мышление считается одним из ключевых навыков XXI века. А что же такое креативное мышление? Можно подобрать тысячу определений, но я пожалуй остановлюсь на таком: креативное мышление-это способность человека нестандартно решать стоящие перед ним задачи и находить новые, более эффективные пути достижения своих целей. [1].

О важности его развития говорят все просвещенные люди. Увы, они не говорят о том, как оценить свою креативность и можно ли её повысить [2].

В английском языке есть отличное выражение, точно передающее понятие креативности. Оно переводится как – «мыслить вне рамок». В то же время фильм «Матрица» показывает человеку, что рамки существуют лишь в его голове. Известный психолог Маслоу сказал, что креативность присуща всем людям, но она теряется из-за воздействия установленных норм поведения и мышления в обществе [3].

Считаю, что учебник – самый доступный способ развития креативного мышления для человека. Во-первых учебником пользуются практически все, во-вторых, как бы не хотел человек, но в школьные года каждый использует учебник, что уже развивает креативное мышление человека-обучающегося. Приоритетной целью современного образования становится не репродуктивная передача знаний, умений и навыков от учителя к ученику, а полноценное формирование и развитие способностей ученика самостоятельно очерчивать учебную проблему, формулировать алгоритм ее решения, контролировать процесс и оценивать полученный результат – научить учиться. Перед образовательной системой страны стоит непростая задача: формирование и развитие мобильной самореализующейся личности, способной к обучению на протяжении всей жизни. И это в свою очередь корректирует задачи и условия образовательного процесса, в основу которого положены идеи развития личности школьника [4].

На уроках учитель использует с учащимися различные методики развития креативного мышления, при этом обязательно используется учебник. Учебник является связующим звеном между обучающимся и развитием у него креативного мышления. Так ученик на уроке русской литературы